

КЕЛІСІЛДІ:

**Өскемен қаласы
әкімінің орынбасары**

И. Смит

«21» сәуір 2024 жыл



БЕКІТЕМІН:

**Өскемен қаласы мәдениет
және тілдерді дамыту
бөлімінің басшысы**

А. Нургалиев

«21» сәуір 2024 жыл



Өскемен қаласындағы Наурыз мейрамы мерекесі аясында өтетін

«Үздік киіз үйі» қалалық байқауының

ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ереже барлық меншік нысанындағы ұйымдар, кәсіпорындар, ұжымдар арасында ұлттық киіз үйді орнату және рәсімдеу жөніндегі қалалық байқау (әрі қарай - Байқау) өткізу тәртібін айқындайды.

2. МАҚСАТЫ

Байқау ұйымдар, кәсіпорындар, ұжымдар қалалық «Наурыз мейрамы» мерекесіне жаппай қатысуын ынталандыруға бағытталған.

3. ТАПСЫРМАЛАР

- патриотизмді арттыру және ұлттық бірегейлікті қалыптастыру;
- ежелден «Наурыз мейрамы» мерекесін тойлайтын этностардың және қазақ халқының ұлттық дәстүрлерін дәріптеу;
- этносаралық қатынастарын нығайту;
- ұйымдар, кәсіпорындар, ұжымдардың қаланың қоғамдық өміріне белсенді қатысуына ынталандыру;
- қала тұрғындары мен қонақтары үшін мерекелік атмосфера құру;
- ұйымдар мен кәсіпорындар ұжымдары арасындағы үздік ұлттық киіз үйді анықтау.

4. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

Қатысуға Өскемен қаласының ұйымдары мен кәсіпорындары, қоғамдық бірлестіктер, ұжымдар шақырылады.

5. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Байқау келесі критерийлер бойынша өткізіледі:

- а) ішкі безендірумен (киіз кілем, алаша, шымылдық, сандық, бесік, домбыра, қамшы, ұлттық киім, ағаш ыдыс және т. б.) «Наурыз мейрамы» мерекесі қарсаңында Республика алаңына ұлттық киіз үй орнату, өзіндік ерекшелігімен киіз үйді көрсету (киіз үйдің тақырыбы конкурсқа қатысушылардың қалауы бойынша) және аумағын абаттандыру (подиум, қоршау);

- б) ұлттық салт-дәстүрлерді және әдет-ғұрыптарды көрсету (*таңдау бойынша 1-2 салт-дәстүр*), қатысушылардың костюмдерін, актерлік шеберлігін, музыкалық сүйемелдеуін, қонақтарды ұлттық әдет-ғұрып бойынша қарсы алуын және т. б. көрсете білу.;
- в) мерекелік шығармашылық нөмірлер (вокалдық, аспаптық, хореографиялық және т.б.).
- г) ұйымдастырушылардың келісім бойынша белгілі бір уақытта киіз үйді жеткізу, ресімдеу, құрастыру және қайта бұзу байқауға қатысушылармен жүзеге асырылады.

6. БАЙҚАУ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

- Байқау 2024 жылғы 22 наурызда Республика алаңында өткізіледі;
Анықтама телефоны: +7-7232-57-79-98.
- Байқаудың қорытындысы 2024 жылғы 22 наурызда қазылар алқасының мүшелерімен шығарылады.
- Байқауға қатысушыларды марапаттау 2024 жылғы 22 наурызда Республика алаңының бас сахнасында өтеді.
- Қатысуға өтінімдер 2024 жылдың 17 наурызына дейін берілген нысан бойынша oskemen_madenyeti016@mail.ru электронды поштасына қабылданады.
- Объективті бағалау үшін қазылар алқасының құрамына қоғамдық ұйымның беделді өкілдері, мәдениет және өнер қайраткерлері, тарихшылар, қоғамдық пікір көшбасшылары және т. б. кіреді. Байқауды қазылар алқасының мүшелері 10 балдық жүйе бойынша бағалайды. Қазылар алқасының шешімімен: 1 орын, 2 орын, 3 орын және конкурсқа қатысушыларға ынталандыру сыйлықтары беріледі. Комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.
- Киіз үйлердің Республика алаңында орналасуын байқаудың ұйымдастырушылары айқындайды.
- Байқау жүлделер қоры демеушілердің есебінен.

7. ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

- Комиссия мүшелері киіз үйді тексеру қорытындысы бойынша байқау жеңімпаздары анықталатын бағалау парақтарын толтырады.
- Ұйымдастыру, өткізу және қорытындылау жөніндегі комиссияның шешімі, егер комиссия құрамының үштен екісі қатысса, заңды болып саналады.
- Комиссия шешімі комиссия төрағасы мен мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.
- Жеңімпаздар мен жүлдегерлер бағалы сыйлықтармен және Өскемен қаласы әкімінің алғыс хаттарымен марапатталады.

Қалалық байқаудың қорытындысы бұқаралық ақпарат құралдарында және Өскемен қаласы әкімдігінің ресми сайтында жарияланады.

8. ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША СҰРАҚТАР:

Қосымша ақпарат алу үшін:

«Өскемен қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ

Өскемен қаласы, Пермитин к-сі, 29; тел.: 8 (7232) 57-79-98; 8 747 869 4450 хабарласуға болады.

**22 наурыз Республика алыңындағы
«Үздік киіз үй» байқауына қатысуға**

ӨТІНІМ

№	Ұйымның, кәсіпорын мен бірлестіктің атауы	Басшының Аты-жөні	Киіз үйді орнатуға жауаптының байланыс телефоны және аты-жөні	Киіз үйдің өлшемі	Киіз үйді безендіру, сипаттамасы	Көрсетілетін ұлттық салт-дәстүр және әдет- ғұрып